



«ЖАС ПЕДАГОГ МЕКТЕБІ» ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Мақсаты: жас педагогтардың кәсіби өсуіне жағдай жасау арқылы тәрбие-білім беру үдерісінің сапасын арттыру.

| Күні (Жауапты) | Мазмұны | | |
|----------------------------------|--|-------------------------|----------|
| Қыркүйек (меңгеруші, әдіскер) | № 1 отырыс. Ұйымдастырушылық. 1. Жұмыс жоспарын бекіту. 2. Қатысушылардың тізімдерін қалыптастыру. 3. «Жас педагог мектебінің» қатысушы педагогтарының сұраныстарын зерделеу» сауалнамасы. 4. Сауалнама нәтижелері бойынша жоспарға өзгерістер енгізу | | |
| Консультациялық пункт | Тәрбиешінің құжаттамасын МТО МЖМБС сәйкес рәсімдеу | Педагог тәлімгерлер | Жыл бойы |
| Қараша (тәлімгерлер) | № 2 отырыс 1. «Өз бетімен білім алу - педагогтың кәсіби шеберлігін арттырудың бір түрі ретінде» дөңгелек үстел 2. Пікірсайыс | | |
| Консультациялық пункт | Педагогтардың өзін-өзі тәрбиелеу бойынша қызметі, бір-біріне қатысуы | Педагог- тәлімгерлер | Жыл бойы |
| Қаңтар (әдіскер, тәлімгерлер) | № 3 отырыс 1. «Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған әлеммен таныстырудың әдістері мен тәсілдері» бойынша тәжірибе алмасу. 2. Дидактикалық ойындар. 3. Еңбек. 4. Қорытындылар, пікірталас | | |
| Наурыз (әдіскер) | № 4 отырыс 1. «Таңертеңнен кешке дейін» күні бойы әр түрлі іс-шараларды жоспарлау» тақырыбында дөңгелек үстел. 2. Циклограмманы жоспарлау. 3. Тәрбиешіге жадынама. 4. Қорытындылар | | |
| Консультациялық пункт | «Ата-аналармен байланысты қалай табу керек?» консультациялық пункттің отырысына қатысу | Педагог- тәлімгерлер | Жыл бойы |
| Мамыр | № 5 отырыс 1. «Жас тәрбиешілер мектебі» жұмысының қорытындысы: «Кәсіби өзін-өзі жетілдіру». 2. Жас педагогтардың «Мен және менің тәрбиеленушілерім» презентациялары, педагогикалық қызметтегі жетістіктері | | |

Болжамды нәтижелер

- Білім беру қызметін тұтынушылардың заманауи сұраныстарына жауап бере алатын педагогикалық кадрлар қалыптастырылады.

- Жас педагог үшін өзін-өзі тәрбиелеу бойынша өзіндік жұмыс олардың білімдерін толықтыруға және нақтылауға, балалармен жұмыс барысында туындайтын жағдайларды терең және егжей-тегжейлі талдауға мүмкіндік береді.

- Жас педагог педагогикалық білімін үнемі толықтырып отыру қажеттілігін қалыптастырады, ойлау икемділігін, тәрбие-білім беру үдерісін үлгілей және болжай білуін қалыптастырады, шығармашылық әлеуетін ашады.

- Үздіксіз өз бетінше білім алу, кәсіби құзыреттілігін ұдайы арттыру қажеттігін түсіне отырып, шығармашыл, психологиялық сауатты педагогикалық ұжым қалыптасады.

- Әртүрлі деңгейдегі педагогикалық шеберлік конкурстарына қатысуға ниет білдіруші педагогтардың үлесі артады.

«ЖАС ПЕДАГОГ МЕКТЕБІ»

ҚАТЫСУШЫ ПЕДАГОГТАРДЫҢ СҰРАНЫСТАРЫН ЗЕРДЕЛЕУГЕ АРНАЛҒАН САУАЛНАМА

Құрметті әріптес!

Бұл сауалнаманың мақсаты – жас педагогтердің кәсіби сұраныстарын, әдістемелік көмекке деген қажеттіліктерін анықтау. Жауаптарыңыз Жас педагог мектебінің жұмыс жоспарын толықтыру үшін пайдаланылады.

1-бөлім. Жалпы мәлімет

1. Аты-жөніңіз: Ақирбай Ақсауып Қайырбеков
2. Мамандығыңыз / оқытатын бағытыңыз: тәрбиеші
3. Еңбек өтіліңіз:
 - 1 жылға дейін
 - 1–3 жыл
 - 3 жылдан жоғары

2-бөлім. Кәсіби сұраныстар

4. Қызметіңізде қандай қиындықтарға жиі кездесесіз?
 - Құжат жүргізу
 - Сабақ жоспарлау
 - Балалармен жұмыс әдістері
 - Ата-аналармен жұмыс
 - Басқа (көрсетіңіз): _____
5. Қандай тақырыптар бойынша әдістемелік көмек қажет деп есептейсіз?
 - Инновациялық технологиялар
 - Ойын әдістемелері
 - Тәрбие мен оқытуды кіріктіру
 - Мониторинг және бағалау
 - Басқа: _____
6. Сіз үшін қай форматтағы әдістемелік қолдау ыңғайлы?
 - Шеберлік сыныптары
 - Тәлімгерлік кеңестер
 - Тренингтер
 - Ашық сабақтарға қатысу
 - Әдістемелік нұсқаулықтар

3-бөлім. Өзін-өзі дамыту

7. Кәсіби дамуыңыз үшін қандай іс-шараларға қатысқыңыз келеді?
- Біліктілікті арттыру курстары
 - Ғылыми-практикалық конференциялар
 - Педагогикалық конкурстар
 - Тәжірибе алмасу алаңдары
8. Өзіңіздің кәсіби дамуыңыздағы басты мақсатыңыз қандай?
- Педагогикалық шеберлікті арттыру
 - Инновациялық технологияларды меңгеру
 - Жоғары санатқа аттестатталу
 - Ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу
-

4-бөлім. Ұсыныстар

9. «Жас педагог мектебінің» жұмысын тиімді ету үшін қандай ұсыныс айтар едіңіз?

*Жаңа технологияларды технология қолдану.
Жас педагогтардағы ишаралар мамандық
бастамаларын қолдану.*

• **Ескерту:** Бұл сауалнама анонимді түрде толтырылуы мүмкін. Барлық жауаптар тек әдістемелік мақсатта қолданылады.

«ЖАС ПЕДАГОГ МЕКТЕБІ»

ҚАТЫСУШЫ ПЕДАГОГТАРДЫҢ СҰРАНЫСТАРЫН ЗЕРДЕЛЕУГЕ АРНАЛҒАН САУАЛНАМА

Құрметті әріптес!

Бұл сауалнаманың мақсаты – жас педагогтердің кәсіби сұраныстарын, әдістемелік көмекке деген қажеттіліктерін анықтау. Жауаптарыңыз Жас педагог мектебінің жұмыс жоспарын толықтыру үшін пайдаланылады.

1-бөлім. Жалпы мәлімет

1. Аты-жөніңіз: Табдуалшова А
2. Мамандығыңыз / оқытатын бағытыңыз: _____
3. Еңбек өтіліңіз:
 - 1 жылға дейін
 - 1–3 жыл
 - 3 жылдан жоғары

2-бөлім. Кәсіби сұраныстар

4. Қызметіңізде қандай қиындықтарға жиі кездесесіз?
 - Құжат жүргізу
 - Сабақ жоспарлау
 - Балалармен жұмыс әдістері
 - Ата-аналармен жұмыс
 - Басқа (көрсетіңіз): _____
5. Қандай тақырыптар бойынша әдістемелік көмек қажет деп есептейсіз?
 - Инновациялық технологиялар
 - Ойын әдістемелері
 - Тәрбие мен оқытуды кіріктіру
 - Мониторинг және бағалау
 - Басқа: _____
6. Сіз үшін қай форматтағы әдістемелік қолдау ыңғайлы?
 - Шеберлік сыныптары
 - Тәлімгерлік кеңестер
 - Тренингтер
 - Ашық сабақтарға қатысу
 - Әдістемелік нұсқаулықтар

3-бөлім. Өзін-өзі дамыту

7. Кәсіби дамуыңыз үшін қандай іс-шараларға қатысқыңыз келеді?
- Біліктілікті арттыру курстары
 - Ғылыми-практикалық конференциялар
 - Педагогикалық конкурстар
 - Тәжірибе алмасу алаңдары
8. Өзіңіздің кәсіби дамуыңыздағы басты мақсатыңыз қандай?
- Педагогикалық шеберлікті арттыру
 - Инновациялық технологияларды меңгеру
 - Жоғары санатқа аттестатталу
 - Ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу

4-бөлім. Ұсыныстар

9. «Жас педагог мектебінің» жұмысын тиімді ету үшін қандай ұсыныс айтар едіңіз?

Аптама бір рет әдістемелік кеңес өткізу.
Біліктілікті арттыруға арналған курстарға
қандай жасау.

• **Ескерту:** Бұл сауалнама анонимді түрде толтырылуы мүмкін. Барлық жауаптар тек әдістемелік мақсатта қолданылады.

«ЖАС ПЕДАГОГ МЕКТЕБІ»

ҚАТЫСУШЫ ПЕДАГОГТАРДЫҢ СҰРАНЫСТАРЫН ЗЕРДЕЛЕУГЕ АРНАЛҒАН
САУАЛНАМА

Құрметті әріптес!

Бұл сауалнаманың мақсаты – жас педагогтердің кәсіби сұраныстарын, әдістемелік көмекке деген қажеттіліктерін анықтау. Жауаптарыңыз Жас педагог мектебінің жұмыс жоспарын толықтыру үшін пайдаланылады.

1-бөлім. Жалпы мәлімет

1. Аты-жөніңіз: Жаппинова Т
2. Мамандығыңыз / оқытатын бағытыңыз: _____
3. Еңбек өтіліңіз:
 - 1 жылға дейін
 - 1–3 жыл
 - 3 жылдан жоғары

2-бөлім. Кәсіби сұраныстар

4. Қызметіңізде қандай қиындықтарға жиі кездесесіз?
 - Құжат жүргізу
 - Сабақ жоспарлау
 - Балалармен жұмыс әдістері
 - Ата-аналармен жұмыс
 - Басқа (көрсетіңіз): _____
 5. Қандай тақырыптар бойынша әдістемелік көмек қажет деп есептейсіз?
 - Инновациялық технологиялар
 - Ойын әдістемелері
 - Тәрбие мен оқытуды кіріктіру
 - Мониторинг және бағалау
 - Басқа: _____
 6. Сіз үшін қай форматтағы әдістемелік қолдау ыңғайлы?
 - Шеберлік сыныптары
 - Тәлімгерлік кеңестер
 - Тренингтер
 - Ашық сабақтарға қатысу
 - Әдістемелік нұсқаулықтар
-

3-бөлім. Өзін-өзі дамыту

7. Кәсіби дамуыңыз үшін қандай іс-шараларға қатысқыңыз келеді?
- Біліктілікті арттыру курстары
 - Ғылыми-практикалық конференциялар
 - Педагогикалық конкурстар
 - Тәжірибе алмасу алаңдары
8. Өзіңіздің кәсіби дамуыңыздағы басты мақсатыңыз қандай?
- Педагогикалық шеберлікті арттыру
 - Инновациялық технологияларды меңгеру
 - Жоғары санатқа аттестатталу
 - Ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу

4-бөлім. Ұсыныстар

9. «Жас педагог мектебінің» жұмысын тиімді ету үшін қандай ұсыныс айтар едіңіз?

Наца технологияларға тиімді пайдалану
жаңа үйрену

• **Ескерту:** Бұл сауалнама анонимді түрде толтырылуы мүмкін. Барлық жауаптар тек әдістемелік мақсатта қолданылады.

Хаттама № 1

Жас педагог мектебінің ұйымдастырушылық отырысы

Күні: «3» қыркүйек 2025 жыл

Өткізілген орны: «Аманат» жеке балабақшасы

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, әдіскер, тәлімгер-педагогтер, жас педагогтер.

Қатыспағандар: жоқ.

Күн тәртібі:

1. Жұмыс жоспарын бекіту.
2. Қатысушылардың тізімдерін қалыптастыру.
3. «Жас педагог мектебінің қатысушы педагогтарының сұраныстарын зерделеу» сауалнамасын жүргізу.
4. Сауалнама нәтижелері бойынша жоспарға өзгерістер енгізу.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша әдіскер «Жас педагог мектебінің» жылдық жұмыс жоспарын таныстырды. Жоспарға оқу жылы бойы өткізілетін семинарлар, шеберлік сыныптары, ұжымдық көрсетілімдер, тәлімгерлік кездесулер енгізілген.

2-мәселе бойынша қатысушылардың тізімі жасақталды. Жас мамандардың аты-жөні, тәлімгерлері бекітіліп, тізім хаттамаға қосымша ретінде тіркелді.

3-мәселе бойынша әдіскер жас педагогтердің кәсіби сұраныстарын анықтау үшін сауалнама жүргізді. Сауалнамада кәсіби қиындықтар, әдістемелік көмекке қажеттілік, жеке қызығушылықтар мен жетілдіру бағыттары қарастырылды.

4-мәселе бойынша сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, жылдық жоспарға өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар жасалды. Жас педагогтер тарапынан ең жиі аталған сұраныстар – құжат жүргізу, инновациялық технологияларды қолдану, ата-аналармен жұмыс, балалардың сөйлеу тілін дамыту.

Қаулы етілді:

1. «Жас педагог мектебінің» жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Қатысушылардың толық тізімі хаттамаға тіркелсін.
3. Жас педагогтердің сұраныстарын ескере отырып, жоспарға түзетулер енгізілсін.
4. Әдіскер сауалнама қорытындысы негізінде жас мамандарға жеке әдістемелік қолдау көрсетсін.
5. Жас педагогтердің кәсіби дамуы тұрақты бақылауда ұсталып, әр тоқсанда талқылансын.

Жауаптылар: әдіскер, тәлімгер-педагогтер.

Бақылау: балабақша меңгерушісі.

Менгеруші: _____

Хатшы: _____



Хаттама № 2

Жас педагог мектебі отырысы

Күні: «13» қараша 2025 жыл

Өткізілген орны: «Аманат»

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, әдіскер, тәлімгер-педагогтер, жас мамандар.

Қатыспағандар: жоқ.

Күн тәртібі:

1. «Өз бетімен білім алу – педагогтың кәсіби шеберлігін арттырудың бір түрі ретінде» тақырыбында дөңгелек үстел.
2. Пікірсайыс.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша әдіскер сөз алып, педагогтың кәсіби дамуы үздіксіз білім алуға байланысты екенін атап өтті. Өз бетімен білім алу педагогтің шығармашылық әлеуетін арттырып, заманауи талаптарға сай жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Дөңгелек үстел барысында жас педагогтер өздерінің кәсіби дамуға бағытталған тәжірибелерімен бөлісті. Педагогтер келесі бағыттарды маңызды деп көрсетті:

- Ғылыми-әдістемелік әдебиеттермен жұмыс істеу;
- Онлайн курстар мен вебинарларға қатысу;
- Инновациялық әдіс-тәсілдерді тәжірибеге енгізу;
- Тәжірибелі педагогтердің сабақтарына қатысу.

2-мәселе бойынша пікірсайыс ұйымдастырылды. Тақырып: *«Жас педагог үшін тиімдірек қайсысы: тәжірибе алмасу ма, әлде өз бетімен білім алу ма?»*

Жас мамандар екі топқа бөлініп, өз ой-пікірлерін дәлелдермен қорғады. Бірінші топ тәжірибе алмасу тиімділігін атап өтсе, екінші топ өз бетімен білім алудың маңызын негіздеді. Пікірсайыс соңында қатысушылар екі тәсілді ұштастыру педагог үшін ең қолайлы деген ортақ қорытындыға келді.

Қаулы етілді:

1. Жас педагогтердің кәсіби дамуы үшін өз бетімен білім алу жоспары жасақталсын.
2. Әдіскер ұсынылған әдебиеттер тізімін және онлайн ресурстарды педагогтерге ұсынсын.
3. Тәжірибелі педагогтердің ашық сабақтарына қатысу жүйелі жолға қойылсын.
4. Жас педагог мектебі аясында пікірсайыс дәстүрлі түрде өткізіліп отырсын.

Жауаптылар: әдіскер, тәлімгер-педагогтер.

Бақылау: балабақша меңгерушісі.

Меңгеруші:

Хатшы:



Хаттама № 3

Жас педагог мектебі отырысы

Күні: «22» қаңтар 2026 жыл

Өткізілген орны: «Аманат» жеке балабақшасы

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, әдіскер, тәлімгер-педагогтер, жас мамандар.

Қатыспағандар: жоқ.

Күн тәртібі:

1. «Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған әлеммен таныстырудың әдістері мен тәсілдері» бойынша тәжірибе алмасу.
2. Дидактикалық ойындар.
3. Еңбек.
4. Қорытындылар, пікірталас.

Тындалды:

1-мәселе бойынша әдіскер сөз алып, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дамуын қалыптастыруда қоршаған ортамен таныстырудың маңызына тоқталды. Жас педагогтер табиғат құбылыстарын бақылау, тәжірибелер жасау, экскурсиялар өткізу, әңгімелесу әдістерін қолдану тәжірибелерімен бөлісті.

2-мәселе бойынша тәлімгер-педагог дидактикалық ойындардың бала дамуына әсерін көрсетті. Дидактикалық ойындар арқылы балалардың ойлау қабілеті, сөздік қоры, зейіні мен есте сақтау қабілеті дамитыны атап өтілді. Жас мамандар өздері құрастырған ойын үлгілерін ұсынды.

3-мәселе бойынша педагогтер балаларды еңбекке баулудың маңызын атап өтті. Балабақшада қарапайым еңбек түрлерін (гүлдерді суару, ойыншықтарды жинау, үстелді әзірлеу) ұйымдастыру әдістері қарастырылды. Бұл балаларда ұқыптылық, жауапкершілік және еңбексүйгіштік дағдыларын қалыптастырады.

4-мәселе бойынша жалпы пікірталас ұйымдастырылды. Қатысушылар қорытынды жасап, тәжірибемен алмасып, болашақта қолдануға болатын жаңа әдістерді белгіледі.

Хаттама № 4

Жас педагог мектебі отырысы

Күні: «17» наурыз 2026 жыл

Өткізілген орны: «Аманат» жеке балабақшасы

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, әдіскер, тәлімгер-педагогтер, жас мамандар.

Қатыспағандар: жоқ.

Күн тәртібі:

1. «Таңертеңнен кешке дейін» күні бойы әр түрлі іс-шараларды жоспарлау» тақырыбында дөңгелек үстел.
2. Циклограмманы жоспарлау.
3. Тәрбиешіге арналған жадынама әзірлеу.
4. Қорытындылар.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша әдіскер сөз сөйлеп, мектепке дейінгі ұйымдағы күн тәртібінің бала дамуы үшін маңызын атап өтті. Дөңгелек үстел барысында жас педагогтер «Таңертеңнен кешке дейін» атты күндік жоспар үлгісін талқылады. Әр кезеңдегі іс-шаралардың (таңғы қабылдау, ертеңгілік жаттығу, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері, серуен, еңбек, ойын, шығармашылық жұмыс, кешкі қабылдау) мазмұны қарастырылды.

2-мәселе бойынша тәлімгер-педагог циклограмманы жоспарлау жолдарын түсіндірді. Апталық циклограммада балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дамытушы ойындар, танымдық іс-шаралар, ата-аналармен жұмыс түрлері қамтылатыны айтылды.

3-мәселе бойынша әдіскер «Тәрбиешіге жадынама» нұсқаулығын таныстырды. Жадынамада күн тәртібін сақтау, балалардың жас ерекшеліктерін ескеру, ата-анамен қарым-қатынас орнату, педагогикалық әдеп қағидалары мен құжат жүргізу тәртібі қамтылды.

4-мәселе бойынша қорытынды пікірталас өткізілді. Қатысушылар тәжірибеде қолдануға ыңғайлы ұсыныстарын ортаға салды.

Қаулы етілді:

1. Жас педагогтер күн тәртібін жоспарлауда «Таңертеңнен кешке дейін» дөңгелек үстелінде талқыланған ұсыныстарды ескерсін.
2. Әдіскер циклограмма үлгісін дайындап, барлық топтарға таратсын.
3. «Тәрбиешіге жадынама» жасалып, әдістемелік бұрышқа орналастырылсын.
4. Жас педагогтердің тәжірибесінде қолданылған жоспарлау әдістері жүйелі түрде талқыланып отырсын.

Жауаптылар: әдіскер, тәлімгер-педагогтер.

Бақылау: балабақша меңгерушісі.

Меңгеруші: _____

Хатшы: _____



Хаттама № 5

Жас тәрбиешілер мектебі отырысы

Күні: «16» мамыр 2026 жыл

Өткізілген орны: «Аманат» жеке балабақшасы

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, әдіскер, тәлімгер-педагогтер, жас тәрбиешілер.

Қатыспағандар: жоқ.

Күн тәртібі:

1. «Жас тәрбиешілер мектебі» жұмысының қорытындысы: «Кәсіби өзін-өзі жетілдіру».
2. Жас педагогтардың «Мен және менің тәрбиеленушілерім» презентациялары, педагогикалық қызметтегі жетістіктері.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша әдіскер жыл бойы жүргізілген «Жас тәрбиешілер мектебі» жұмысының қорытындысын ұсынды. Жас мамандардың кәсіби бейімделуі, тәжірибелі педагогтерден тәлімгерлік көмек алуы, әдістемелік семинарлар мен шеберлік сыныптарына қатысуы олардың педагогикалық шеберлігін арттырғаны атап өтілді. «Кәсіби өзін-өзі жетілдіру» бағыты аясында жас педагогтер өз білімін жетілдірудің келесі түрлерін меңгерді:

- өз бетімен ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді оқу;
- инновациялық технологияларды тәжірибеге енгізу;
- тәжірибелі әріптестердің сабақтарына қатысу;
- кәсіби байқауларға қатысу.

2-мәселе бойынша жас тәрбиешілер «Мен және менің тәрбиеленушілерім» тақырыбында презентациялар жасап, өзінің кәсіби қызметтегі жетістіктерімен бөлісті. Қатысушылар өз тәжірибелерінен мысалдар келтіріп, балалардың жеткен табыстарын көрсетті. Әдіскер мен тәлімгер-педагогтер жас мамандардың жұмысына оң баға беріп, алдағы кәсіби дамуға бағыт-бағдар берді.

Қаулы етілді:

1. «Жас тәрбиешілер мектебі» жұмысының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жас мамандар кәсіби өзін-өзі жетілдіру жоспарын жасап, келесі оқу жылына бағытталсын.

3. «Мен және менің тәрбиеленушілерім» презентациялары әдістемелік қорда жинақталсын.
4. Тәлімгер-педагогтер кәсіби жетістікке жеткен жас мамандардың тәжірибесін таратуға жағдай жасасын.
5. Келесі оқу жылында жас тәрбиешілер мектебінің жұмысын жалғастыру ұсынылсын.

Жауаптылар: әдіскер, тәлімгер-педагогтер, жас мамандар.

Бақылау: балабақша меңгерушісі.

Меңгеруші:

Хатшы:

